

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ	«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқытудың кредиттік технологиясы негізінде оқу процесін ұйымдастыру туралы ереже	Код: 17-01
		Басылым: 1
		1- 22 беттен

экз. № _____


«Қазақ ұлттық хореография
академиясы» КАҚ
Ғылыми кеңестің шешімімен
бекітілді
«30» қыркүйек 2019 ж.
№ 61 хаттама



«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ
жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру
бағдарламалары бойынша оқытудың кредиттік технологиясы негізінде
оқу процесін ұйымдастыру туралы
ЕРЕЖЕ

Лауазымы	Тегі, аты, әкесінің аты	Қолы	Күні
ӘЗІРЛЕНГЕН:			
Оқу үрдісін ұйымдастыру және жоспарлау қызметінің басшысы	Абдрасилова Д.С.		24.07.19.
КЕЛІСІЛГЕН:			
СМЖ бойынша жауапты маман	Косиди М.С.		24.07.19.

Астана қ.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ	«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқытудың кредиттік технологиясы негізінде оқу процесін ұйымдастыру туралы ереже	Код: 17-01
		Басылым: 1
		2- 22 беттен

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқытудың кредиттік технологиясы негізінде оқу процесін ұйымдастыру туралы осы Ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына сәйкес әзірленді және «Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ-тағы (бұдан әрі - Академия) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқытудың кредиттік технологиясы (бұдан әрі - ОКТ) негізінде оқу процесін ұйымдастыру тәртібін анықтайды.

2. Оқытудың кредиттік технологиясы білім алушының және оқытушының оқу жұмысы көлемінің бірыңғай өлшемі ретінде академиялық кредит арқылы пәндерді оқу кезектілігінің таңдауы мен өзін-өзі жоспарлау негізінде жүзеге асырылады. Кредиттік технология бойынша оқытуда оқу жұмысының еңбек сыйымдылығын есепке алу академиялық кредиттер бойынша өлшенген оқыту материалдарының көлеміне сәйкес жүргізіледі.

3. Осы Ережеде мынадай ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:


1) академиялық еркіндік - білім беру процесінің субъектілеріне таңдау компоненті пәндері, оқытудың қосымша түрлері бойынша білім мазмұнын дербес анықтау үшін және білім алушылардың, оқытушылардың шығармашылық дамуына және оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қолдануға жағдай жасау мақсатында білім беру қызметін ұйымдастыру үшін ұсынылатын білім беру процесі субъектілерінің өкілеттіктер жиынтығы;

2) академиялық кезең (Term) (терм) - семестр, триместр, тоқсан сияқты үш нысанның біреуін білім беру ұйымы өзі белгілейтін теориялық оқу кезеңі;

3) академиялық кредит - білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысының көлемін өлшеудің біріздендірілген бірлігі;

4) академиялық күнтізбе (Academic Calendar) - оқу жылы бойына демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіби практикаларды өткізу күнтізбесі;

5) академиялық сағат - оқу сабақтарының немесе оқу жұмысының басқа түрлерінің көлемін өлшеу бірлігі, 1 академиялық сағат 50 минутқа тең, академиялық күнтізбені (оқу процесінің кестесін), оқу сабақтарының кестесін жасау кезінде, өтілген оқу материалын жоспарлау мен есепке алуда, сондай-ақ педагогикалық жүктемені жоспарлау және оқытушының жұмысын есептеу кезінде пайдаланылады;

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ	«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ	Код: 17-01
	жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқытудың кредиттік технологиясы негізінде оқу процесін ұйымдастыру туралы ереже	Басылым: 1
		3- 22 беттен

6) академиялық ұтқырлық - білім алушылардың немесе оқытушы-зерттеушілердің белгілі бір академиялық кезеңде (семестр немесе оқу жылы) басқа жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында (бұдан әрі - ЖОО) (ел ішінде немесе шетелде) академиялық кредиттер түрінде игерген білім беру бағдарламаларын, пәндерін міндетті түрде қайта сынақ ретінде тапсыра отырып өз ЖОО-да немесе басқа ЖОО-да білімін жалғастыру немесе зерттеулер жүргізу үшін ауыстыру;

7) белсенді үлестірмелі материалдар (БҮМ) (Hand-outs) - білім алушының тақырыпты шығармашылықпен табысты меңгеру үшін оқу сабақтарында таратылатын көрнекі безендірілген материалдар (дәріс тезистері, сілтемелер, слайдтар, мысалдар, глоссарийлер, өз бетінше жұмыс істеуге арналған тапсырмалар);

8) білім алушылардың оқудағы жетістігі - білім алушылардың оқу процесінде алатын және жеке тұлғаның қол жеткізген даму деңгейін көрсететін білімі, іскерліктері, дағдылары және құзыреті;


9) білім алушыларды қорытынды аттестаттау (Qualification Examination) - тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламасында көзделген оқу пәндерінің және (немесе) модулдерінің көлемін және оқу қызметінің басқа түрлерін білім алушылардың игеру дәрежесін анықтау мақсатында өткізілетін рәсім;

10) білім алушының академиялық рейтингі (Rating) (ретинг) - аралық аттестаттау нәтижелері бойынша құрылатын, пәндердің және (немесе) модулдердің оқу бағдарламасын және оқу қызметінің басқа түрлерін білім алушылардың меңгеру деңгейінің сандық көрсеткіші;

11) білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі - БӨЖ) - өз бетінше оқуға берілген, оқу-әдістемелік әдебиеттермен және ұсынымдармен қамтамасыз етілген, тест, бақылау жұмыстары, коллоквиумдар, рефераттар, шығармалар мен есеп берулер түрінде бақыланатын, оқу нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған тақырыптардың белгілі бір тізбесі бойынша жасалатын жұмыс; білім алушының санатына қарай ол студенттің өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - СӨЖ), магистранттың өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - МӨЖ) және докторанттың өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - ДӨЖ) болып бөлінеді; БӨЖ-нің бүкіл көлемі білім алушыдан күнделікті өзіндік жұмыс атқаруды талап ететін тапсырмалармен расталады;

12) екі дипломдық білім беру - қос тең бағалы диплом немесе бір негізгі және екінші қосымша диплом алу мақсатында, екі білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарлары бойынша оқу мүмкіндігі;

13) Еуропалық трансферт (аудару) және кредиттер жинау жүйесі (ECTS) - студенттің шетелде алған кредиттерін өзі оқитын білім беру ұйымына

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ	«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқытудың кредиттік технологиясы негізінде оқу процесін ұйымдастыру туралы ереже	Код: 17-01
		Басылым: 1
		4- 22 беттен

оралғанда дәреже алу, сондай-ақ білім беру бағдарламасы шеңберінде кредиттер жинау үшін есептелетін кредиттерге аудару тәсілі;

14) жеке оқу жоспары (бұдан әрі - ЖОЖ) - білім беру бағдарламасы мен элективті пәндер каталогы және (немесе) модульдер негізінде эдвайзердің көмегімен білім алушы әр оқу жылына дербес қалыптастыратын оқу жоспары;

15) кредиттік ұтқырлық - білім алушыларды өзі оқитын ЖОО-да оқуын жалғастыру шеңберінде - академиялық кредиттерді жинақтау мақсатында шетелге белгілі бір шектеулі оқу немесе тағылымдама кезеңіне орын ауыстыру (ұтқырлық фазасынан соң студенттер оқуын аяқтау үшін өзі оқитын білім беру ұйымына оралады);

16) қосымша білім беру бағдарламасы (Minor) (минор) - қосымша құзыреттерді қалыптастыру мақсатында оқу үшін білім алушы анықтаған пәндердің және (немесе) модульдердің және оқу жұмысының басқа түрлерінің жиынтығы.

17) модуль - дербес, білім беру бағдарламасының құрылымдық элементін оқыту нәтижелері тұрғысынан аяқталған, айқын қалыптасқан, білім алушылар меңгеретін білім, іскерліктер, дағдылар, құзыреттер және бағалаудың барабар критерийлері;

18) модульдік оқыту - білім беру бағдарламасының модульдік құрылымы, оқу жоспары және оқу пәндері негізінде оқу процесін ұйымдастыру тәсілі;


19) негізгі білім беру бағдарламасы (Major) (мажор) - негізгі құзыреттерді қалыптастыру мақсатында білім алушы анықтаған білім беру бағдарламасы;

20) оқу жетістіктерін бағалаудың балдық рейтингтік әріптік жүйесі - халықаралық тәжірибеде қабылданған әріптік жүйедегі сандық эквивалентіне сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін белгілеуге мүмкіндік беретін балл түріндегі оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау жүйесі;

21) оқу пәніне жазу (Enrollment) - білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеу рәсімі;

22) оқытудың кредиттік технологиясы - білім алушылардың пәндерді және (немесе) модульдерді зерделеу дәйектілігін академиялық кредиттер жинақтай отырып, таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде оқыту;

23) оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі - ОБӨЖ) - жеке кесте бойынша оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін білім алушының жұмысы білім алушының санатына қарай ол: оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін студенттің өзіндік жұмысы (бұдан әрі - ОСӨЖ) және оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін магистранттың өзіндік жұмысы (бұдан әрі - ОМӨЖ) және оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін докторанттың өзіндік жұмысы (бұдан әрі - ОДӨЖ) болып бөлінеді;

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ	«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқытудың кредиттік технологиясы негізінде оқу процесін ұйымдастыру туралы ереже	Код: 17-01
		Басылым: 1
		5- 22 беттен

24) постреквизиттер (Postrequisite) (постреквизит) - зерделеу үшін қажет етілетін білімдер, іскерліктер, дағдылар және осы пәнді зерделеу аяқталған соң игерілетін құзыреттер қажет етілетін пәндер (модульдер) және оқу жұмысының басқа түрлері;

25) пререквизиттер (Prerequisite) (пререквизит) - пәндер және (немесе) модульдер және зерделенетін пәнді игеруге қажетті білімнен, іскерліктен, дағдылар мен құзыреттерден тұратын оқу жұмысының басқа түрлері;

26) транскрипт (Transcript) (транскрипт) - кредиттер мен бағаларды көрсететін тиісті оқу кезеңі ішіндегі игерілген пәндер тізбесі мен оқу жұмысының басқа түрлерінен құралған құжат;

27) тьютор - студентке нақты пәнді және (немесе) модульді игеруге көмектесетін академиялық консультант рөлін атқарушы оқытушы;

28) үлгерімнің орташа балы (Grade Point Average - GPA) - таңдап алған бағдарлама бойынша белгілі бір оқу кезеңі ішінде білім алушының қол жеткізген білім деңгейінің орташа өлшемді бағасы (осы оқу кезеңі ішіндегі кредиттердің жалпы санына пәндер бойынша аралық аттестаттау бағалары балдарының сандық эквивалентіндегі кредиттердің жалпы сомасының қатынасы);

29) эдвайзер (Advisor) - тиісті мамандық бойынша білім алушының академиялық тәлімгері функциясын атқаратын, оқу траекториясын таңдауына (жеке оқу жоспарының қалыптасуына) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламаларын игеруіне ықпал ететін оқытушы;

30) элективті пәндер - жоғары оқу орны компонентіне және белгіленген академиялық кредиттер шеңберінде таңдау компонентіне кіретін және білім беру ұйымы енгізетін, білім алушылардың жеке дайындығын көрсететін, нақты өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеретін оқу пәндері, қалыптасқан ғылыми мектептер;


4. Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың негізгі міндеттері:

- 1) білім көлемін біріздендіру;
- 2) оқытуды барынша дараландыру үшін жағдай жасау;
- 3) білім алушылардың өзіндік жұмыстарының рөлі мен тиімділігін күшейту;

- 4) білім алушының оқудағы жетістіктерін оларды тиімді әрі ашық бақылау рәсімдері негізінде анықтау болып табылады.

5. Оқытудың кредиттік технологиясы мыналарды қамтиды:

- 1) білім алушылар мен оқытушылардың әрбір пән және оқу жұмысының басқа түрлері бойынша еңбек шығынын бағалау үшін академиялық кредиттер жүйесін енгізу;

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ	«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқытудың кредиттік технологиясы негізінде оқу процесін ұйымдастыру туралы ереже	Код: 17-01
		Басылым: 1
		6- 22 беттен

2) білім алушылардың ЖОЖ қалыптастыруға тікелей қатысуын қамтамасыз ететін, элективті пәндер каталогына (бұдан әрі - ЭПК) енгізілген пәндерді және (немесе) модульдерді таңдау еркіндігі;

3) пәндерге тіркеу кезінде білім алушылардың оқытушыны таңдау еркіндігі;

4) оқу процесіне білім алушылардың білім траекториясын таңдауына ықпал ететін эдвайзерлерді тарту;

5) интерактивті оқыту әдістерін пайдалану;

6) білім беру бағдарламасын игеруде білім алушылардың өзіндік жұмысын жандандыру;

7) факультеттің және кафедралардың оқу процесін ұйымдастырудағы, білім беру бағдарламаларын қалыптастырудағы академиялық еркіндігі;

8) оқу процесін қажетті оқу және әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету;

9) білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылаудың тиімді әдістері;

10) әр оқу пәні және оқу жұмысының басқа түрлері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесін пайдалану.

2 тарау. Оқытудың білім беру бағдарламалары және оқу жоспарлары

6. Оқу жоспарлары екі түрде әзірленеді:


1) жеке оқу жоспарлары;

2) оқу жұмыс жоспарлары.

Жеке оқу жоспарларын (бұдан әрі - ЖОЖ) эдвайзердің көмегімен, ғылыми жетекшінің басшылығымен білім беру бағдарламасы және әр білім алушының оқу траекториясын анықтайтын ЭПК негізінде білім алушылар өздері қалыптастырады.

ЖОЖ-н үш данасы осы Ереженің 1- қосымшасына сәйкес, факультет деканымен бекітіледі: бір данасы – деканатта сақталып білім алушының білім беру бағдарламасын орындау және меңгеруін бақылау үшін негіз болып саналады, екіншісі – Оқу процесін ұйымдастыру және жоспарлау қызметіне (бұдан әрі - Қызмет) тапсырылып, аралық аттестацияны ұйымдастыру үшін қолданылады, үшіншісі – білім алушыға табысталады.

Оқу жұмыс жоспарлары (бұдан әрі - ОЖЖ) оқытушылардың оқу жұмысының еңбексыйымдылығын есептеу үшін негіз болып табылады. Оқу жұмыс жоспарлары білім беру бағдарламасы және студенттердің жеке жұмыс жоспары негізінде жасалады. ОЖЖ-да міндетті компонент және таңдау компонентіне жататын әр оқу пәнінің еңбексыйымдылығы және тізбегі академиялық кредит арқылы белгіленіп, оларды оқу тәртібі, оқу

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ	«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқытудың кредиттік технологиясы негізінде оқу процесін ұйымдастыру туралы ереже	Код: 17-01
		Басылым: 1
		7- 22 беттен

сабақтарының түрлері және бақылау нысандары айқындалады. ОЖЖ оқу жылына әзірленіп, Ғылыми кеңестің шешімімен бекітіледі.

7. Оқытудың кредиттік жүйесінде әр білім беру бағдарламасы бойынша таңдау компонентін қамтитын барлық оқу пәндерінің жүйелі түрде сипатталған тізбегі - ЭПК әзірленеді, мұнда әр пәннің қысқаша сипаттамасы, оқыту мақсаты, қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері) және меңгеруден кейінгі күтілетін нәтижелері (білім алушылардың алған білімі, білігі, дағдысы және күзiреттілігі) беріледі.

ЭПК Академияның кафедраларымен барлық білім беру бағдарламалары бойынша әзірленіп, студенттерге элективті оқу пәндерінен баламалы таңдау жасау мүмкіндігін береді.

8. Білім алушылардың жеке оқу жоспарлары және білім беру бағдарламаларының оқу жұмыс жоспарлары білім алушылардың оқу сабақтарының кестесін құруға негіз болып табылады.

9. Сабақ кестесін Қызмет маманы (диспетчер) дайындайды, тиісті факультеттің деканатымен келісіледі, Академия ректорымен академиялық кезең басталғанға дейін екі апта бұрын бекітіледі.

10. Сабақ кестесін құру кезінде білім беруді бірқалыпты бөліктермен ұсыну қағидасы ұсталынады, яғни білім алушылар мен оқытушылар үшін оқытуда оқу материалын қабылдау күрделілігі бойынша түрленетін пәндерді беруде дәріс пен практикалық сабақтарды алмастыру арқылы теориялық және практикалық материалды меңгеруге қажетті жағдай жасалуы тиіс.


11. Білім беруді ұйымдастыру оқытудың кредиттік технологиясы бойынша жүзеге асырылуы кезінде білім алушылардың жеке білім траекториясын және оқытушыларды таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін оқу кестесі оқу пәндері және оқытушыларға негізделіп құрастырылады.

12. Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру кезінде әр оқу пәнінің көлемі академиялық кредиттердің тұтас санын құрайды. Бұл ретте, пән 5 академиялық кредиттен кем емес көлеммен анықталады. Пәнді 3-4 академиялық кредитпен бағалауға рұқсат етіледі.

13. Дене шынықтыру, тілдерді оқыту пәндерінен басқа әр оқу пәнінің атауы қайталанбайтын болуы тиіс.

14. Оқу пәндерінің мазмұны үлгілік оқу жоспарларымен немесе оқу жұмыс жоспарларымен және (немесе) оқу жұмыс бағдарламаларымен (силлабустармен) анықталады.

15. Жалпы білім беру пәндері бойынша оқу жұмыс бағдарламалары (силлабустар) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беру пәндері циклінің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы № 603 бұйрығына сәйкес әзірленеді.

 <p>ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ</p>	<p>«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқытудың кредиттік технологиясы негізінде оқу процесін ұйымдастыру туралы ереже</p>	Код: 17-01
		Басылым: 1
		8- 22 беттен

16. Оқу жұмыс бағдарламаларын (силлабустарды) білім беру бағдарламасының барлық пәндері бойынша Академия кафедралары дербес әзірлейді.

17. Бір модульдің көлемін Академия дербес анықтайды және екі және одан да көп оқу пәндерінен немесе бір және одан да көп пәндердің оқу жұмысының басқа түрлері үйлесімінен тұрады.

18. Кәсіптік практикалар, диплом жұмыстары (жобалары), магистрлік/докторлық диссертациялар (жобалар) білім беру бағдарламасының тиісті модульдеріне қосылады. Бұл ретте кәсіптік практиканың әрбір түрі түрлі модульдерге жатқызылуы мүмкін.

3 тарау. Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру

19. Оқу процесін ұйымдастыру академиялық күнтізбе, білім беру бағдарламасының оқу жұмыс жоспары, оқу сабақтарының кестесі негізінде жүзеге асырылады.

20. Қызмет білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларын негізге ала отырып, ағымдағы жылдың 30 маусымына дейін келесі оқу жылына оқу процесінің академиялық күнтізбесін және білім беру бағдарламасының оқу жұмыс жоспарын құрастырып Академияның Ғылыми кеңесіне бекітуге ұсынады.


21. Оқу жылы ағымдағы жылдың бірінші қыркүйегінен айынан басталады.

22. Академияда ұзақтығы 15 аптадан тұратын семестр академиялық кезең болып саналады. Оқу жылы екі семестр және әрқайсысының ұзақтығы 2 аптадан кем емес екі аралық бақылауды (емтихан сессиясын) қамтиды. Әр академиялық кезеңнен кейін білім алушылар үшін жылына екі рет ұзақтығы 7 аптадан кем емес демалыстар беріледі, бұнда қыс мезгілі кезіндегі демалыс ұзақтығы 2 аптадан кем болмауы тиіс.

23. Кәсіптік практика білім алушының оқу жұмысының міндетті түрі болып табылады.

Кәсіптік практиканың негізгі түрлері оқу, педагогикалық, өндірістік және дипломалды практикалар болып табылады.

Оқу процесін ұйымдастыру кезінде академиялық кезеңнен бөлек, сондай-ақ академиялық кезеңмен қатар кәсіптік практиканы енгізуге рұқсат етіледі. Кәсіптік практиканың нәтижелері аралық аттестаттау қорытындыларын жасау кезінде ескеріледі. Практиканың ұзақтығы 30 сағатқа тең апта ішінде (5 күндік жұмыс аптасында күніне 6 сағат)

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ	«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқытудың кредиттік технологиясы негізінде оқу процесін ұйымдастыру туралы ереже	Код: 17-01
		Басылым: 1
		9- 22 беттен

практикадағы студенттің нормативтік жұмыс уақытына қарай аптамен анықталады.

24. Академияда ұзақтығы кемінде 6 аптаны қамтитын қосымша оқыту қажеттіліктерін қанағаттандыру, академиялық қарызды не болмаса оқу жоспарларындағы айрмашылықты жою, оқу пәндерін меңгеру және білім алушылардың Академиядағы міндетті түрде қайта сынақ тапсыруымен басқа жоғары оқу орнында кредиттер көлемін игеру, үлгерімнің орта балын (GPA) көтеру үшін жазғы семестрді (бітірушілер курсы есепке алмағанда) ұйымдастыру жүзеге асырылады.

25. Оқу жұмысы көлемін жоспарлаған кезде бір академиялық кредит оның барлық түрлері үшін 30 академиялық сағатқа тең болатыны негізге алынады. Оқу жұмысының барлық түрлері бойынша бір академиялық сағат 50 минутқа тең.

26. Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша білім алушының өзіндік жұмысы екі түрге бөлінеді: оқытушының жетекшілігімен орындалатын өзіндік жұмыс (ОБӨЖ) және екіншісі, білім алушының санатына қарай өзіндік жұмыстары (БӨЖ).

БӨЖ-дің көлемі білім алушыдан күнделікті өз бетімен жасалатын жұмысты орындауды талап ететін тапсырмалармен расталады. Білім алушының оқытушымен байланыс жұмысының арасындағы уақыт арақатынасын және оқу қызметінің барлық түрлері бойынша БӨЖ-ді пән ерекшелігін ескере отырып кафедра дербес анықтайды. Бұл ретте аудиториялық жұмыс көлемі әр пән көлемінің кемінде 30%-ын құрайды.

27. Теориялық оқыту мен аралық аттестаттауды жоспарлау бірыңғай кредиттер көлемімен жүзеге асырылады, яғни әр пән бойынша кредиттердің жалпы саны оны оқытудан, сондай-ақ осы пән бойынша дайындықтан және аралық аттестаттау нысанынан өтуден құралады.


28. Әр оқу пәні бір академиялық кезеңде оқытылады және қорытынды бақылаумен аяқталады.

29. Теориялық оқытудың қазақстандық кредитінің еңбексыйымдылығы 30 сағатты құрайды, ол ECTS-ң 1 кредитіне сәйкес келеді (25-30 академиялық сағат).

30. Оқу траекториясын және меңгерілетін пәндер тізбесін білім алушы өзі анықтайды.

31. Пәндердің оқу траекториясы мен тізбесі білім алушының жеке оқу жоспарында тіркеледі, жеке оқу жоспары алдағы оқу жылына жоғарғы курста оқитындар үшін 1 маусымға дейін, 1 курс үшін - 10 қыркүйекке дейін бекітіледі. Жеке оқу жоспарына жыл бойына өзгертулер енгізілмейді.

32. Білім алушылар ЖОЖ-ды құру барысында:

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ	«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқытудың кредиттік технологиясы негізінде оқу процесін ұйымдастыру туралы ереже	Код: 17-01
		Басылым: 1
		10- 22 беттен

1) оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларымен танысады;

2) оқу пәндеріне жазылу мен ЖОЖ-ға енгізу бойынша бекітілген мерзімдерді сақтайды;

3) игерілген пререквизиттерді ескере отырып, пәндерге жазылады.

33. Білім алушылардың пәндерді меңгеру үшін жазылуын кафедра, факультет деканаттары мен эдвайзерлерге әдістемелік және кеңестік көмек көрсететін Қызметпен ұйымдастырылады, 1 курста білім алушылар үшін – 25 тамыз бен 5 қыркүйек аралығында және жоғарғы курста білім алушылар үшін – 10 наурыз бен 10 сәуір мерзімі аралығында ұйымдастырылады.

34. Академиялық лектер мен топтар осы пәнге және осы оқытушыға жазылған білім алушылардың жеткілікті саны және олардың рентабельділігінің жеткілікті деңгейіне қол жеткізу принципі бойынша қалыптасады.

35. Егер пәнге жазылу кезінде осы пәнге жазылған білім алушылардың саны тиісті мөлшерден аз белгіленген жағдайда, онда пән оқытылмайды және оқу жұмыс жоспарына енгізілмейді, бұл бойынша ақпараттық тақтада мәлімдеме беріледі. Осы пәнге тіркелген білім алушылар 30 тамызға дейін ЖОЖ-на өзгерістер енгізу жайында өтініш беріп үлгерулері тиіс.

36. Егер пәнге тіркелу кезінде білім алушылардың саны тиісті мөлшерден асып кеткен жағдайда, осы пән бойынша қосымша академиялық лек ашылады.

37. Магистранттың жеке оқу жоспары оқу мерзіміне толықтай қатысты құрастырылады (қажет болған жағдайда жыл сайын нақтыланады) және келесі бөлімдерден тұрады:

1) теориялық оқу;

2) ғылыми-зерттеу жұмысы (тақырыбы, зерттеу бағыты, есептіліктің мерзімі және нысаны);

3) практика (бағдарламасы, базасы, мерзімдері және есептілік нысаны);


4) негіздемесі мен құрылымын қамтитын магистрлік диссертация тақырыбы;

5) магистрлік диссертацияны орындау жоспары;

6) ғылыми жарияланымдар мен тағылымдамалар, соның ішінде шетелдік тағылымдама жоспары.

38. Жеке оқу жоспарлары негізінде кафедралар педагогикалық жүктемелердің сағат есебін құрайды.

39. Оқытудың барлық нысандары бойынша емтихандар кестесін Қызмет диспетчері тиісті факультеттің деканатымен бірігіп құрастырады, құрастырушының қызметі көрсетіліп қолы қойылады, Қызмет жетекшісімен, факультет декандарымен, оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректормен

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ	«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқытудың кредиттік технологиясы негізінде оқу процесін ұйымдастыру туралы ереже	Код: 17-01
		Басылым: 1
		11- 22 беттен

талқыланып, ректормен бекітіледі. Емтихандар кестесі білім алушылар мен оқытушыларға емтихан сессиясының басталуына кем дегенде екі апта бұрын таныстырылады.

40. Әр білім алушы оқытудың барлық кезеңіне анықтамалық-жолсілтегішпен қамтамасыз етіледі.

41. Әр білім алушыға осы семестрде оқытылатын оқу жоспарындағы пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешен беріледі (электронды нұсқада).

42. Оқытудың кредиттік технологиясын қолдана отырып оқу процесін әдістемелік қамтамасыз ету кафедралармен жүзеге асырылады және білім алушыларға келесі оқу-әдістемелік материалдар топтамасы ұсынылады:

- оқу жоспарындағы әр пән бойынша аудиториялық жұмыс үшін қажетті материалдар, соның ішінде, дәрістер, семинар сабақтарының жоспарлары және т.б.;

- білім алушылардың өзіндік жұмысы үшін қажетті материалдар, соның ішінде, әр пән бойынша өзіндік бақылау материалдары, жаттығу тестері, бақылау тапсырмалары, әр пән бойынша емтихан сұрақтары;

- практикадан өтуге қажетті материалдар, соның ішінде практиканың барлық түрлерінің бағдарламалары, есеп беру құжаттарының нысандары.

Оқу-әдістемелік қамту процесін үйлестіру бітіріп шығарушы кафедрамен жүзеге асырылады.


43. Білім алушылардың академиялық ұтқырлығын қамтамасыз ету үшін олар басқа жоғары оқу орындарында, сонымен қатар шет елдерде жекелеген пәндерді меңгереді.

44. Білім алушылар жекелеген пәндерді басқа білім беру мекемелерінде меңгерген жағдайда, Қызметке пәндер бойынша аралық аттестациялаудан өткендігін растайтын емтихандар бағаларын, пәндер бойынша қорытынды бағаларды және меңгерілген академиялық кредиттер санын қамтитын транскрипт өткізеді.

45. Шетелдік жоғары оқу орындарымен әріптестікте бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асырған жағдайда игерілген кредиттерді қазақстандық кредиттерге қайта есептеу жүзеге асырылады.

46. Білім алушылардың оқу жетістіктері (білімі, іскерлігі, дағдылары мен күзіреті) халықаралық тәжірибеде қабылданған әріптік жүйесіне сәйкес 100-баллдық шкала бойынша және осы Ереженің 2-қосымшасына көрсетілген төрт баллдық шкала бойынша сандық баламаға сәйкес бағаланады (оң бағалар, «А»-дан «D»-ға дейін азаю арқылы, «қанағаттанарлықсыз» - «FX», «F»,).

47. Қызметтің Офис тіркеушісі білім алушылардың бүкіл оқу мерзімі бойынша оқу жетістіктерінің тарихын жүргізеді, ол осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес транскриптте көрініс табады.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ	«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқытудың кредиттік технологиясы негізінде оқу процесін ұйымдастыру туралы ереже	Код: 17-01
		Басылым: 1
		12- 22 беттен

Транскрипт білім алушының кез-келген оқу кезеңіне сұрауы бойынша беріледі.

48. Оқытушы ағымдық және аралық бақылау және білім алушының ағымдағы бағасына сәйкес үлгерімнің барлық түрлерін жүргізеді. Бұнда білім алушының оқу жетістіктері әр орындалған тапсырма үшін 100-баллдық шкаламен бағаланады. Білім алушылардың аралық және қорытынды аттестаттауын Қызмет ұйымдастырады.

49. Пән бойынша қорытынды баға ағымдағы үлгерім мен қорытынды бақылау (емтихан бағасы) бағаларын қамтиды. Білім алушының оқу пәні бағдарламасын меңгеру деңгейін танытатын ағымдағы үлгерім бағасының үлесі қорытынды бағаның 60-тан кем емес пайызын құрайды. Қорытынды бақылау бағасы аталған оқу пәні бойынша білімнің қорытынды бағасының кемінде 40 пайызын құрайды.

50. Бір академиялық кредиттің құны оқу төлемінің бекітілген құны мен Академияда білім беру бағдарламасын меңгерудегі қабылданған академиялық кредиттер саны арасындағы қатынасты құрайды.

51. Әр нақты білім алушының ЖОЖ-ы академиялық кезең немесе оқу жылындағы оқу бағасын төлеу негізі болып табылады. Бұл ретте оқу құны білім алушының ЖОЖ-да жоспарланған академиялық кредиттер жиынының бір кредиттің бекітілген құнына қатынасы арқылы есептелінеді.

52. Мемлекеттік білім беру грант иеленушілеріне олар аралық аттестация қорытындысы бойынша емтихандарды «А», «А-», «В+», «В», «В-», «С+» бағаларына тапсыру шартымен стипендия тағайындалады.


53. Курс бағдарламасын толығымен орындаған, белгіленген көшіру балының ең төменгі деңгейіне жете алмаған білім алушыға өзінің орташа үлгерім балын (GPA) жоғарылатуы үшін жазғы семестрде белгілі бір пәндерді белгіленген тәртіп бойынша, ақылы түрде қайта оқуға және сол пәндерден қайта емтихан тапсыруына мүмкіндік беріледі.

Жазғы семестрді рәсімдеу келесі талаптарға сәйкес жүзеге асырылады:

1) білім алушылар жазғы емтихан сессиясының басталуына дейін Қызметке жазғы семестрге қатысуға талаптану туралы уәждемелік өтініш береді;

2) жазғы семестрдегі оқуды қаржыландыру білім алушылардың қаржысы арқылы жүзеге асырылады, оқытудың нысанына тәуелді емес (ақылы, грант);

3) білім алушылар жазғы семестрдегі білім беру қызметі ақысын төлегеннен кейін Қызмет жазғы семестр кестесін құрып, оны оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор бекітеді;


 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ	«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқытудың кредиттік технологиясы негізінде оқу процесін ұйымдастыру туралы ереже	Код: 17-01
		Басылым: 1
		13- 22 беттен

4) жазғы семестрдегі білім алушылардың оқу жетістіктері білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесімен бағаланады;

5) білім беру бағдарламасының оқу жұмыс жоспарындағы пәндердің жазғы семестр кезеңінде игерілген қорытындылары ағымдағы оқу жылындағы өткен курстың көшіру балын (GPA) қайта есептеуде есепке алынады.

54. Білім алушыны курстан курсқа көшіру, қайта оқуға қабылдау және академиялық демалыстан шығу кезінде оқыту курсы пререквизиттерді есепке ала отырып анықталады.

55. Бакалаврларды даярлау бойынша білім беру процесін аяқтаудың негізгі өлшемшарттары білім алушылардың теориялық оқытудың кемінде 240 академиялық кредитті, ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша магистратурада 120 академиялық кредитті, ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша докторантурада 180 академиялық кредитті игеру болып табылады.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ	«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқытудың кредиттік технологиясы негізінде оқу процесін ұйымдастыру туралы ереже	Код: 17-01
		Басылым: 1
		14- 22 беттен

«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ
оқытудың кредиттік технологиясы бойынша
оқу процесін ұйымдастыру туралы ережесіне
1- қосымша

«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ» КАҚ ЖЕКЕ ОҚУ ЖОСПАРЫ

«Бекітемін»

Факультет деканы

« ____ » _____ 20__ ж.

Фамилиясы _____

Аты _____

Тегі _____

Берілетін дәреже _____

Білім беру бағдарламасы (коды және атауы) _____

Оқу түрі _____

Курс _____

Оқыту тілі _____


Оқу жылы _____

Код	Пәннің толық атауы	Кредиттер саны	Оқытушының аты-жөні
Семестр			
Міндетті компонент			
ЖОО компоненті			
Таңдау компоненті			

Тіркеуші _____ 20__ ж.

Эдвайзер _____ 20__ ж.


Білім алушы _____ 20__ ж.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ	«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқытудың кредиттік технологиясы негізінде оқу процесін ұйымдастыру туралы ереже	Код: 17-01
		Басылым: 1
		15- 22 беттен

«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ
оқытудың кредиттік технологиясы бойынша
оқу процесін ұйымдастыру туралы ережесіне
2- қосымша

**Білім алушылардың оқудағы жетістіктерін төрт балдық жүйе бойынша сандық
эквивалентке сәйкес бағалаудың әріптік жүйесі**

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Балдардың сандық эквиваленті	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ	«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқытудың кредиттік технологиясы негізінде оқу процесін ұйымдастыру туралы ереже	Код: 17-01
		Басылым: I
		16- 22 беттен

«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ
оқытудың кредиттік технологиясы бойынша
оқу процесін ұйымдастыру туралы ережесіне
3 -қосымша

(жоғары оқу орнының аты/ the name of High Educational Establishment/

/наименование высшего учебного заведения)

Транскрипт /The transcript/ Транскрипт
Серия №

Аты-жөні/Name/Ф.И.О.

Факультеті/Faculty/Факультет

Мамандығы/Specialty/Специальность _____


Түскен жылы/Year/Год поступления _____

Оқу тілі/Language/Язык _____

№ п/п	Пәндердің аталуы/ Courses/ Наименование дисциплины	Кредит саны/ Credit hours/ Количество кредитов	Баға/Grade/Оценка			
			Пайызбен/ In percent/ В процентах/	Әріптік/ Alphabetic/ Буквенная	Балмен/ In points/ В баллах	Дәстурлі жүйемен/ Traditional/ Традиционная
1	2	3	4	5	6	7

Кәсіптік практиканы өтті/Has passed professional practice/
Прошел профессиональные практики

Кәсіптік практиканы ң түрлері/ The form of professional practice/	Практика өту кезеңі/ the period of passage of practice/ Период прохождени	Кредит саны/ Credit hours/ Количество	Баға/Grade/Оценка			
			пайызбен/ inpercent/ В процента	Әріптік/ alphabetic/ Буквенна	Балмен / in points/	Дәстурлі жүйемен/ Traditional/ Традиционна

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ	«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқытудың кредиттік технологиясы негізінде оқу процесін ұйымдастыру туралы ереже	Код: 17-01
		Басылым: 1
		17- 22 беттен


Виды профессиональных практик	я практики	кредитов	х	я	В баллах	я

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау/Final state attestation/Итоговая аттестация обучающихся

Мемлекеттік емтиханды тапсырды/ Has passed the state examinations/ Сдал государственные экзамены	МАК-тың хаттамасының күні және нөмірі Дата и номер протокола ГАК/ date and number of the report of SAC	Баға/Grade/Оценка			
		пайызбен/ in percent/ В процентах	Әріптік/ alphabetic/ Буквенная	Балмен/ in points/ В баллах	Дәстурлі жүйемен/ Traditional/ Традиционная
Мамандығы бойынша/ On a speciality/ По специальности					
Пәндер бойынша/ On disciplines/ По дисциплинам:					

Қорытынды жұмысты орындады және қорғады/Has executed and has defended degree work/Выполнил(а) и защитил(а) выпускную работу

Қорытынды жұмыстың тақырыбы/ Theme of degree work/ Тема выпускной	МАК күні және нөмірі/ date and number of the report of SAC/ Дата и номер	Кредит саны/ Credit hours/ Количество кредитов	Баға/Grade/Оценка			
			пайызбен/ in percent/ В процентах	Әріптік/ alphabetic/ Буквенная	Балмен/ in points/ в баллах	Дәстурлі жүйемен/ Traditional/ Традиционная

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ	«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқытудың кредиттік технологиясы негізінде оқу процесін ұйымдастыру туралы ереже	Код: 17-01
		Басылым: 1
		18- 22 беттен

работы	протокола ГЭК					

Жалпы кредит саны/ Total Hours Passed/Общее число кредитов _____

ГЭА _____

РЕКТОР/RECTOR /РЕКТОР

(қолы/signature/подпись)

ДЕКАН/the DEAN /ДЕКАН

(қолы/signature/подпись)


ХАТШЫ/SECRETARY/СЕКРЕТАРЬ

(қолы/signature/подпись)









М.О М.П.

Тіркеу №/vegration №/регистрационный №

«__» _____ 20__ г.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ	«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқытудың кредиттік технологиясы негізінде оқу процесін ұйымдастыру туралы ереже	Код: 17-01
		Басылым: 1
		19- 22 беттен

Келісу парағы

№	Тегі, аты, әкесінің аты	Лауазымы	Қолы	Күні
1	2	3	4	5
1	Нусипжанова Б.Н.	Бірінші проректор		28.07.19.
2	Алишева А.Т.	Оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор м.а.		28.07.19.
3	Толысбаева Ж.Ж.	Ғылыми жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі проректор м.а.		28.07.19.
4	Сатиева Ш.С.	Ғылым, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру және редакциялық баспа қызметі бөлімінің басшысы		28.07.19.
5	Канетов Н.И.	Хореография факультетінің деканы		28.07.19.
6	Досжан Р.К.	Өнер факультетінің деканы		28.07.19.
7	Жакина А.Ж.	Заң бөлімінің басшысы		28.07.19.
8	Стратегиялық даму, СМЖ және аккредиттеу бөлімінің басшысы	Косиди М.С.		28.07.19.

